

Астрахан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № А-5/119 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 14 мамырда № 8939 -03 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Астрахан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Астрахан ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі

Т.Ерсеитов

Астрахан ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 6 мамырдағы
№ А-5/119 қаулысына
қосымша

Астрахан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)	Қызмет саласы	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұксас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
	Астрахан ауылы , Абылай хан				

1	көшесі, 3А құрылыс	20	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Соты" дүкені
2	Астрахан ауылы , Достық көшесі, № 79 үйге қарама-қарсы	20	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	жоқ
3	Астрахан ауылы , Әл-Фараби көшесі 50, орталық алаң	270	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	жоқ
4	Астрахан ауылы , Әл-Фараби көшесі 48, Мәдениет үйінің алдындағы аумақ	200	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	жоқ
5	Жалтыр ауылы, Абылай хан көшесі 24 А	20	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Сказка", "Империя", "Центральная встреча", "Көктем" дүкендері
6	Зеленое ауылы, Мира көшесі 2, асханаға қарама-қарсы	10	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	жоқ
7	Первомайка ауылы, Садовый көшесі, № 27/1 үйге қарама-қарсы	15	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	жоқ
8	Новый Колутон ауылы, Достық көшесі, № 25 үйге қарама-қарсы	15	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Миша" дүкені
9	Старый Колутон ауылы, Бауыржан Момышұлы атындағы көшесі 30, " Балдаурен-3" жекеменшік шағын орталығының сол жағында	10	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Шынар", "Катюша", "Амина", дүкендері
	Колутон ауылы, Ілияс				

10	Есенберлин көшесі, № 20/1 ү й г е қарама-қарсы	15	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Асылбекова Н.К." жеке кәсіпкерінің дүкені
11	Жаңатұрмыс ауылы, Абылай хан атындағы көшесі 21, Қызылжар ауылдық клубына қарама-қарсы	10	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	жоқ
12	Ұзынкөл ауылы, Целинная көшесі, № 33 ү й г е қарама-қарсы	10	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	жоқ
13	Каменка ауылы, Желтоқсан көшесі 12, Каменка ауылдық клубына қарама-қарсы	15	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Жансая" дүкені
14	Петровка ауылы , Қажымұқан Мұңайтпасов көшесі, № 34 ү й г е қарама-қарсы	10	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	жоқ
15	Новочеркасск ауылы, Бейбітшілік көшесі 32 А, наубайханаға қарама-қарсы	15	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	жоқ